

САИАСАТ

ЖИЫРМА ЖАСҚА
БАСПАНА БЕРІЛДІ

5-бет

АЛЕМ & QAZAQSTAN

ҚАЗАҚТАР МЕН КОРЕЙЛЕРДІҢ
ҰҚСАСТЫҒЫ БАР

6-бет

EGEMEN – 100

«ҮШҚЫННЫҢ» ҮШҚАН
ҰЯСЫ – ОРЫНБОРДА

8-бет

SPORT

20 ЖЫЛДЫҚТЫҢ
ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІ

11-бет

Франция бизнесінің өкілдерімен кездесті



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Франция Қазақстанның Еуропалық одақ аясындағы негізгі серіктесі екенін және еліміздің екіжақты ықпалдастықты дамытуға баса мән беретінін айтты.

– Екі мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынастар тұрақты әрі жоғары деңгейде. Біз Франция Президенті Эмманюэль Макронның Қазақстанға жасайтын алдағы сапары екіжақты ынтымақтастықты дамытуға тың серпін береді деп санаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қазіргі уақытта Қазақстанда француз капиталының қатысуымен Oqano, Alstom, Air Liquide, Airbus сияқты 160-тан астам трансұлттық компания жұмыс істейді. 2018

жылы елдеріміз арасындағы тауар айналымы 32 пайызға артып, 4,5 миллиард долларға жетті.

– Мен мұны жақсы көрсеткіш деп есептеймін. Соған қарамастан оны жақсартуға үнемі ұмтылуымыз керек. Биылғы көрсеткіштерде де оң қарқын байқалады. 9 айдың ішінде тауар айналымы 5,5 пайызға өсіп, 3,4 миллиард долларға жетті. Жалпы Қазақстан экономикасына салынған француз инвестициясының көлемі 16

миллиард долларға жуық, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда табысты бизнес жүргізу үшін жағдай жасалғанын атап өтіп, бизнес-ахуалды жақсартуға, кедергілерді азайтуға және еліміздің инвестициялық тартымдылығын жақсартуға бағытталған жүйелі реформалар жүзеге асырылып жатқанын айтты.

Президент француз бизнесмендерінің назарын екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға негізделген көптеген бағытқа аударып, оларды агроөнеркәсіптік кешен және экономиканың басқа да секторларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін серіктес болуға шақырды.

– Қазақстанның бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде мүмкіндігі зор. Елімізде 25 миллион гектар егістік пен 186 миллион гектардан астам жайылымдық жер бар. Бұл орасан зор ресурс және резерв. Географиялық тұрғыдан біз үлкен әрі жоғары төлемқабілеттілігі бар Қытай, Еуропа, Таяу Шығыс және Үндістан нарықтарына жақынбыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті өз сөзінде инновация, цифрлық экономика салаларындағы ынтымақтастықтың маңызы зор екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев қаржы секторындағы іс-қимылдарды кеңейтуге және «Астана» халықаралық қаржы орталығының жұмысына қатысуға шақырды.

– Елімізде Назарбаев Университет пен Инновациялық технологиялар паркі секілді инновациялық кластерлер жұмыс істейді. Astana Hub IT-стартаптар халықаралық технопаркі ашылды. Біз Қазақстанда француздық инновациялар мен технологияларды енгізу үшін мейлінше қолайлы жағдай жасауға дайынбыз, – деді Президент.

(Соңы 2-бетте)

Әл-Фараби мерейтойы ЮНЕСКО аясында тойланады



2019 жылғы 12-27 қараша аралығында Франция астанасында өткен ЮНЕСКО-ның 40-шы Бас конференциясы ортағасырлық Шығыстың ғұлама ойшылы әрі ғалымы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығын және Шымкент қаласының негізі қалануының 2200 жылдығын келесі жылы атап өтілетін халықаралық мерейтойлар тізіміне енгізу жөнінде арнайы қарар қабылданды.

Ұйымға мүше 193 мемлекеттің ортақ шешіміне сәйкес ЮНЕСКО Хатшылығына аталған мерейтойлар аясында өткізілетін іс-шараларға қатысу тапсырылды.

Бас конференцияның пленарлық жиналысында Қазақстанның Франциядағы елшісі әрі ЮНЕСКО жанындағы Тұрақты өкілі Жан Ғалиев мүше мемлекеттерге еліміздің ұсыныстарын қолдағандары үшін алғыс білдіріп, оларды аталған мерейтойларға және қазақтың ұлы ақыны әрі ойшылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай елімізде және шетелде өткізу жоспарланып отырған іс-шараларға қатысуға шақырды.

40-шы Бас конференция бекіткен тізімге 53 мүше мемлекеттің ұсынысы енді, солардың арасында – көне түркі жазуының аса маңызды үлгілерін қамтитын Білге қаған мен Тоңықұқ (Тоңықөк) ескерткіштері орнатылуының 1300

жылдығына арналған іс-шараларға ЮНЕСКО-ның қатысуы жөнінде түркітілдес елдер мен Моңғолияның бірлескен ұсынысы да бар.

Бас конференцияның жалпы саяси дебаттарында сөйлеген сөзінде елші Ж. Ғалиев алқалы жиынды елімізде білім, ғылым және мәдениет салаларының кешенді дамуын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік саясат және Мемлекет басшысының «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауындағы тиісті қағидалар жөнінде хабардар етті.

Отандық дипломат атап өткендей, Жібек жолы қалыптасып, Алтын Орда өркендеген замандардан бері еліміз өркениеттер мен мәдениеттер ұнақатысуының жаһандық дәрежеде маңызға ие орталықтарының біріне айналды.

(Соңы 6-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ



Франция бизнесінің өкілдерімен кездесті

(Соңы. Басы 1-бетте)

Көлік-транзит инфрақұрылымын дамыту мәселесіне тоқталған Мемлекет басшысы Қазақстан арқылы Азия мен Еуропаны жалғайтын халықаралық көлік дәлізі өтетінін, Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жаһандық бастамасымен ұштасатын «Нұрлы жол» бағдарламасының жүзеге асырылып жатқанын айтты. Бұдан бөлек көліктік және туристік әлеуетті арттыру мақсатында еліміздің жетекші әуежайларында «ашық аспан» жүйесі енгізілді.

– Мен Қазақстанның аспаны ашық болуы керек деген шешім қабылдадым. Осы жүйе 11 әуежайға енгізіліп, барлық әуе компаниялары арасында, оның ішінде қазақстандықтар да бар, тиісті бәсекелестік ұйымдастырылады. Бұл жолаушылар тасымалы тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ Қазақстан мен Еуропа арасында жүк тасымалын ұйымдастыратын еліміздің авиациялық мүмкіндіктеріне оң ықпал етеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Францияның туризм саласындағы табысты тәжірибесін зерттеуге және енгізуге еліміздің мүдделілігін атап өтіп, Қазақстанның француздық туристерді қабылдауға дайын екенін мәлімдеді.

Қазақстан-Француз іскерлік кеңесінің тең төрағасы Ив-Луи Даррикерр инвесторлардың бірлескен жобаларды дамытуға ниетті екенін жеткізді.

– Мен француз компанияларының Қазақстанның кәсіпорындарымен ұзақ мерзімге негізделген ынтымақтастықты дамытуға ниетті екенін айтқым келеді. Олар қосымша жобаларды дамытуға



үмітті және қазақстандық билікпен жұмыс істеуге әзір, – деді Ив-Луи Даррикерр.

Кездесу барысында Қазақстандағы Total компаниясының басшысы Алем Фрига-Ной, Air Liquide компаниясының

vice-президенті Филипп Кристоделу, Alstom компаниясының Таяу Шығыс елдері бойынша аға вице-президенті Дидье Флежер, Renault кәсіпорнының аға вице-президенті Никола Мор, Idemia компаниясының аға вице-президенті

Изабель Лозон, Orano mining компаниясының бас директоры Никола Маэс, Vicat компаниясының аймақтық директоры Пьетро Кала және басқа да француз бизнесінің өкілдері сөз сөйледі.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт

Тоқаев осы іс-шараның Қазақстан мен Франция арасындағы байланыстарды нығайтуға септігін тигізетініне, өзара тиімді жаңа жобалардың бастауы болатынына сенім білдірді, деп хабарлады Қазақстан Президентінің баспасөз қызметі.

Қоғамдық мәселелер жөнінде пікір алмасты

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет және қоғам қайраткері Өмірбек Бәйгелдіні қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы мен Парламент Сенатының бірінші төрағасы Орталық Азиядағы қазіргі әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалдар жөнінде пікір алмасты.

Олар қоғамдық өмірдегі өзекті

проблемаларды, соның ішінде өскелең ұрпақтың патриотизм рухында тәрбиеленуіне, халқымыздың тарихына құрметпен қарауына қатысты мәселелерді талқылады.



Суреттер Президенттің баспасөз қызметінен алынды

Түркі әлемін Түркістанға шақырды

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Ол ынтымақтастығымызды түбегейлі жақсартты. Диалог біздің елдеріміз үшін достығымыздың ғасырлар бойы өмір сүретіндігін аңдатты. Барлық деңгейдегі байланыстарды күшейту басталды, – деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев сондай-ақ Орталық Азия елдері арасындағы ынтымақтастықтың даму тарихы туралы айтты.


Кездесуге қатысушы мемлекеттердің әлеуетін біріктіре отырып, барлық елдердің әл-ауқатын арттыру мақсатымен Қазақстанның Тұңғыш Президенті «XXI ғасырда Орталық Азияны дамыту мақсатындағы тату көршілік және ынтымақтастық туралы келісім» жасасуды ұсынды.

– Бұл саяси құжат біздің өзара іс-қимылымыздың негізгі принциптері мен мақсаттарын көрсетуі керек. Келісімге елдеріміздің егемендігі, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын өзара құрметтеу туралы ережелер енеді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонымен қатар Елбасы өңірдегі қауіпсіздікті нығайту үшін келесі жылы Орталық Азия елдерінің Қауіпсіздік кеңесі хатшыларының кездесуін өткізуді ұсынды.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті қатысушы елдердің үкіметтерін демографиялық дамудың жоғары қарқынына байланысты туындаған проблемаларға да назар аударуға шақырды.

– Тауарлардың, қызметтердің және



капиталдың қозғалысына тосқауыл болатын кедергілерді алып тастау арқылы «кедергісіз Орталық Азияны» қалыптастыру керек, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сондай-ақ Елбасы барлық мемлекет басшыларына 15 наурызда жаңа мереке – Орталық Азия күнін атап өтуге шақырды.

Мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударылды. Осы бағытта Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның ең үздік жоғары оқу орындарында әр елдің студенттеріне 10 гранттан бөлуін ұсынды.

– Түркі әлемінің бесігі – Түркістан қаласы қазір қайта өркендеуді бастан кешіруде. Десе де, ол өзінің мәдени, тарихи және рухани өзегін сақтайтыны сөзсіз. Өз кезегінде қала баршамыздың ортақ мақтанышымызға айналатын

керемет мегаполиске айналмақ. Осыған орай Орталық Азияның бауырлас мемлекеттерінің басшыларын келесі күзде осы көне қалаға шақырамын, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Сөз соңында Елбасы Орталық Азия елдерінің мұралары аясын кеңейту және тереңдету қажеттігіне тоқталды. Сондай-ақ консультивтік кездесудің соңында Елбасы Орталық Азия елдерінің көшбасшыларымен бірге ағаш отырғызу рәсіміне қатысты.

Дәстүрлі ағаш отырғызу рәсімі «Көксарай» резиденциясының Құрметті қонақтар аллеясында өтті.

Елбасы Өзбекстанға сапарын Орталық Азия елдерінің мемлекет басшыларымен бірге Өзбекстанның тұңғыш Президенті Ислам Каримовтің монументіне гүл шоқтарын қоюмен қорытындылады.

Депутаттар «Атамекен» ҰКП басшылығымен кездесті

Мәжілісте Палата Спикері Нұрлан Нығматулиннің қатысуымен депутаттардың «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басшылығымен кезекті кездесуі өтті.

Басты мақсат – кәсіпкерлікті дамыту мақсаттары және біржылдық жұмыс қорытындылары мен алдағы жоспарларды талқылау.

Осы орайда Нұрлан Нығматулин Мәжіліс депутаттары мен «Атамекен» ұлттық палатасының кездесуі жыл сайын өткізіліп келе жатқан дәстүрлі шаралардың бірі екенін және ел экономикасын күшейтудің қуатты мемлекет болудың басты тірегі – бизнес екенін алға тартты.

– Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолдауымен құрылған «Атамекен» ҰКП елімізде кәсіпкерлікті дамытуға тың серпін берді. Бүгінгі күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бизнесті дамыту бойынша жаңа міндеттер жүктенді. Осыған байланысты бүгін алдағы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырудың

және оны заң жағынан қолдаудың жолдарын талқылайтын боламыз, – деді Н. Нығматулин.

Елімізде кәсіпкерлікті дамытудың маньзыдылығына тоқталған Палата Спикері 2017 жылы Мәжіліс пен «Атамекен» ҰКП арасында 2017-2018 жылдарға арналған Қазақстан Үкіметінің заң жобалау жұмыстары жоспарлары аясында ынтымақтастық туралы меморандумды жүзеге асыру жөнінде Жол картасының нәтижелеріне тоқталды.

Кездесуде «Атамекен» Төралқасының төрағасы Тимур Құлыбаев «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы қызметін бастаған бизнес пен билік органдары арасындағы тиімді тетікке айналғанын атап өтті. Мәжіліс депутаттарымен бірлесіп атқарған жұмыстың арқасында Қазақстан бизнесі тиісті заңнамалық құжаттармен

қорғалғанын, қабылданған заңдардың барлығында «Атамекен» ҰКП ұстанымдары ескерілгенін айтты.

Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин мен «Атамекен» ҰКП Төралқасының төрағасы Тимур Құлыбаев 2020 жылға арналған Мәжіліс пен «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ынтымақтастығының Жол картасына қол қойды. Енді жаңа құжатқа сәйкес, Мәжіліс депутаттары мен кәсіпкерлер қауымдастығы алдағы жылы 9 маңызды бағыт бойынша жұмысты жалғастырмақ.

Кездесу барысында «Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасары Рүстем Жүрсінов, Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Эльдар Жұмағазиев тақырып төңірегінде сөз сөйледі.

Талқылау кезінде Мәжіліс депутаттары кәсіпкерлік саласындағы өзекті мәселелерді көтеріп, ұсыныс-пікірлерін жеткізді, деп хабарлады Парламент Мәжілісінің баспасөз қызметі.

Француздармен келіссөз жүргізді

Премьер-Министр Аскар Мамин Франция-Қазақстан іскерлік кеңесінің тең төрағасы Ив-Луи Даррикерр бастаған «Франция-Қазақстан» сауда-өнеркәсіп палатасының мүшелерін және Франция кәсіпорындары қозғалысының (MEDEF) өкілдерін қабылдады.

«Қазақстан мен Франция – стратегиялық серіктестер. Біз сенімді ынтымақтастықтың берік іргетасын қалай алдық. Бұл екі тарап үшін де айтарлықтай экономикалық, саяси және мәдени дивидендтер әкеледі», деді А.Мамин.

Биыл 9 айда Қазақстан мен Франция арасындағы тауар айналымы Еуропалық одақтың басқа елдеріндегі көрсеткіштерден арта отырып, 6%-дан астам өсті және 3,4 млрд долларды құрады. Осы жылдың бірінші жартыжылдығында ел экономикасына тікелей француз инвестицияларының ағымы 24%-дан астамға, 537 млн долларға дейін ұлғайды.

Үкімет басшысы көптеген инвестициялық жобалардың белсенді іске асырылуы сатысында тұрғанын атап өтті.

Қазақстанда француз капиталының қатысуымен түрлі салада 230-ға жуық кәсіпорын жұмыс істейді, оның ішінде Total, Orano, Alstom және басқа да ірі трансұлттық корпорациялар бар. Тәуелсіздік жылдары Франция компаниялары Қазақстанға 16,4 млрд доллардан астам инвестиция салды.

Үкімет басшысы мен француз компанияларының өкілдері екі елдің бизнес құрылымдары арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ энергетика, су шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымын жаңғырту, цифрлы денсаулық сақтау, биометриялық жүйелер, автомобиль құрастыру, трансформатор өндірісі, ғарыштық жерсеріктерді құрастыру және басқа да

салалардағы бірлескен жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады.

Кездесуге Премьер-Министрдің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Ә.Смайылов, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б.Атамқұлов, Ұлттық экономика министрі Р.Дәленов, Экология, геология және табиғи ресурстар министрі М.Мырзағалиев, Денсаулық сақтау министрі Е.Біртанов, Сыртқы істер, Энергетика, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Сауда және интеграция вице-министрлері, ұлттық компаниялардың басшылығы қатысты.

Француз делегациясы құрамында Total, Orano, Alstom, Airbus, Vicat, Air Liquide, Idemia, Renault CIS & LADA Export, Veolia, Bouygues Travaux Publics, Catering International Services, DV Conseil, Lazard, Sanofi, TechnipFMC, TECOFI S.A.S. компанияларының өкілдері болды, деп хабарлады Премьер-Министрдің баспасөз қызметі.